

## 1 тоқсанда жүргізілген жұмыстар бойынша есеп

Үйде оқытылатын оқушымен жұмыс жоспары бойынша жылдың басында психологиялық карта толыру жоспарланған. Картаның мазмұны мынадай болды:

### ОҚУШЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

#### Оқушы туралы мәлімет:

Аты-жөні: Балжан Абраман Бекқұлы  
Туған жылы, айы, күні: 06.12.2009  
Жынысы: қыз  
Мекен-жайы: Шал ақын ауданы Жаңалу ауылы  
Жанұядағы психологиялық атмосфералық жағдайы: жақсы, жайып  
Денсаулық жағдайы: орташа  
Оқу іс-әрекетінің ерекшеліктері: тез шаршайды  
Ұжымдағы ортамен қарым-қатынас стилі: тез  
Қызығушылық бағыты таңа аудару диваны  
Мінсз-құлқындағы ерекшеліктері қарама-қарсы  
Жағымды және жағымсыз қылықтары: шайырды бауырмал, жазаның қолыңды, шіркі жас

Мектеп психологы: Ракишева А.Е.

Қыркүйек айынан бастап түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Үйде оқитын оқушы болғандықтан көбіне эмоцияналды жағдайына, көңіл –күйіне көңіл бөлінді. Зейіні мен қабылдауына байланысты жұмыстар жүргізілді. Зейіні тұрақсыз. Бір тапсырмада ұзақ назарын ұстай алмайды. Тез зерігеді. Қабылдауы жақсы. Айтылған нұсқаулықтарды жақсы қабылдап тыңдай алады. Эмоционалдық жағдайы тұрақты. Оқуға ынтасы бар.

Қазан айында таным процесі зерттелді. Және темперамент ерекшелігі анықталды. Алынған тест бойынша Абдрахман флегматик темпераментті бала екені анықталды. Флегматик темпераментіне байсалдылық, бірқалыптылық тән. Мұндай адамдарда алып-ұшу ерекшеліктері жоқ, сезімге оңай берілмейді. Жүріс-тұрысы мен сөзінде сылбыр, оның мимикасы онша айқын емес, қимылдары сараң.

Қараша айында өзін-өзі бағалауын анықтауға байланысты «Үш ағаш» диагностикасы өткізілді. Мақсаты: Абдрахманның отбасындағы рөлі мен қарым-қатынасын анықтау. Отбасында әкесінің орны айқын байқалады. Әкесі мен анасын жақсы көретіндігі байқалады. Суретте барлық отбасы мүшелері көңілді. Бала отбасында жылулықты, қамқорлықты сезіне алады. Сурет арқылы Абдрахманның бауырмал бала екендігінің де байқауға болады. Барлық отбасы мүшелерін ағаш басына орналастырған.